bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718**
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# «Мамандық иелері және олардың еңбектері»

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 27.01.2020 | https://bilimger.kz/90782/ |

***Ашық сабақ***

***Күні: 20.01.2020*** ***Білім беру саласы:*** *Коммуникация*

***Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:*** *Сөйлеуді дамыту.*

***Мақсаты:*** *Балаларға мамандық түрлерін таныстыру, еңбек етудің қажеттілігі жайлы айтып өту.*
*Болашақта қандай маман иесі болатынына бағдар беру, мамандықтарға деген қызығушылықтарын арттыру. Өз еңбегіне адал болуға тәрбиелеу.*

***Әдіс-тәсілдері:*** *Әңгімелеу, көрсету, сұрақ-жауап, сөздік, ойын.*

***Көрнекілігі:*** *Оқу іс-әрекетінің презентациясы. Мамандық иелеріне керекті құралдар.*

***Сөздік жұмыс:*** *Тәрбиеші, дәрігер, аспазшы, құрылысшы,  жол сақшысы т.б.*

| *Әрекет кезеңдері* | *Тәрбиешінің іс әрекеті* | *Баланың іс әрекеті* |
|---|---|---|

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| Мотивициялық<br>қозғаушы<br><br>Іздену<br>Ұйымдастырушы<br><br>Рефлексті<br>коррекциялаушы | -Балалар, бүгін ерекше күн! Біздіңтобымызға<br>көп қонақтар келіпті. Қане, балалар<br>қонақтармен<br>дұрыстап амандасайық!Шаттык шенберге<br>шыга койындар.<br><br>Армысың шұғылалы ,Алтын күн, Армысың<br>қайырымды, Жер Ана<br>Армысың көк аспан Армысың балалар,<br>Сәлеметсіздерме,апайлар!<br>—***Балалар жақсы тілек білеміз<br>бе? —Кәне<br>айтайықшы.***<br>-Аспанымыз ашық болсын!- Айзере<br>-Еліміз тыныш болсын! — Нұрдаулет<br>-Күніміз жарык болсы! — Дастан<br>-Мейірімді болайык! -Адина<br>-Анамыз аман болсын! -Арнұр<br>-Әрқашан күн сөнбесін! -Фатиха<br>-Балабақшам жайнасын! -Батырхан<br>-Досымыз көп болсын! -Рахым<br>-Деніміз сау болсын! -Рената<br>— әрқашан әдемі болайык! -Эсат<br><br>— Жарайсыңдар тілектерің қабыл болсын<br>-Кәне орындарыңа отыра қойыңдар.<br><br>-Балалар казыр мен сендерге жұмбак<br>жасырамын сендер мұкият тындап жауап<br>берындер.<br><br>***Жұмбақтар шешу:***<br>*Мектептің жүрегі , білімнің тірегі.<br>• Сауықтырар сырқатты , жылы үнмен тіл<br>қатты.<br>• Тікті әсем киімді, дүкенге әкеп ілінді.<br>• Өскен шашты жаратпайтын, қайшысы бар<br>жалақтайтын.<br>• Бал татыған мәзір, ол бар жерде әзір.<br>• Жалтылдап қалағы, салатын кім қаланы?<br>• Тұрады әркез сауда сатып, таразы, шотпен<br>достасып.<br><br>Оның тіккен бұйымы,<br>Аяғында қартайды.<br>Шыға қалса жұлымы,<br>Әдемілеп баптайды<br>Алатаяқ ұстаған,<br><br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам<br><br>Бүгінгі оқу іс-қызметімізді бастаймыз<br>Бүгінгі оқу іс-қызметіміз:<br>***« Мамандық иелері және олардың<br>еңбектері »***атты такырыппен таныссамыз.<br><br>***Тақтамен жумыс.***<br>-Мына суреттерге назар аударайық. Суреттен<br>не көріп отырсыңдар? -<br>Суреттерде қандай мамандық иелері бар<br>,қане айтайықшы?<br>**Тәрбиеші сөзі:**<br>-Балалар бұл маман иелері арнайы оқу орнын<br>бітіріп жұмыс жасайды. Бізге барлық<br>мамандықтар қажет.<br>-Қане, маман иелері қандай еңбек атқарады,<br>білеміз бе?<br>1.Дүкенші қандай қызмет атқарады?<br>2.Тігінші не істейді?<br>3.Құрылысшы не істейді?<br>4.Шаштараз не істейді?<br>5.Аспазшының еңбегін білеміз бе?<br>6.Мұғалім не істейді?<br>7.Дәрігердің еңбегі қандай?<br>**Дәрігер:** **—**Есік<br>тоқылдайды,осы кезде Асия тате кіріп<br>келеді. —<br>Сәлеметсіңдерме балалар?<br>**Тәрбиеші:** -Балалар бізге қонаққа кім келді?<br>**Дәрігер:**Мен сендердің<br>тазалыктарынды,денсаулықтарынды<br>тексеруге келдім,қане маған<br>келіңдер. -<br>Балалар біз ауырмау үшін әр түрлі<br>жаттығулар жасауымыз керек.Таза жуынып<br>жүруіміз керек.Жемістерді, көкіністерді жуып<br>жеуіміз керек.Әйтпесе әр түрлі мейкроп кіріп<br>ішіміз ауырады.**Дәрігер:** Сау болыңдар<br>балалар!<br>**Тәрбиеші:**Дәрігердің айткан кеңесін есімізде<br>сақтайық.<br>-Балалар қазір біз сендермен ойын<br>ойнаймыз.**Дидактикалық ойын:**«Кім<br>жылдам»<br>Үстел үстіне түрлі мамандық иелеріне қажетті<br>құралдарды қойып, төрт баланы шығарамын,<br>үш баланы үш түрлі мамандық иесіне бөлемін,<br>ойын шартын түсіндіремін.Үш бала өзіне<br>қажетті құралдарды тез – тез бөліп алады.<br>Алған құралдарымен не істеуге болтындығын<br>айтады және өскенде сол маман иесі болғысы<br>келетіндігін айтады. (шаштараз, дәрігер,<br>аспаз).<br>-Жарайсыңдар балалар,өте жақсы.<br>-Балалар сендер мамандықтарға байланысты<br>қандай тақпақтар білесіңдер?<br>1.Мұғалім – Фатиха.<br>Жаққан білім шырағын,<br>Мен боламын мұғалім.<br>2.Дәрігер –Адина.<br>Сыйлайтын саулық, амандық,<br>Дәрігер жақсы мамандық.<br>3.Жүргізуші –Рахым.<br>Елге қызмет істеген,<br>Көлік айдап үйренем.<br>4.Аспазшы –Рената.<br>Жасайтын түрлі тағамдар,<br>Аспазшы жақсы мамандық.<br>5. Полиция – Арнұр.<br>Тәртіп, заңды қолдайды,<br>Полиция елді қорғайды.<br>6. Құрылысшы –Дастан<br>Адамдарға үй салған,<br>Құрылысшы болам ұлғайсам.<br>**Сергіту сәті**<br>-Балалар отыра бермей бойымызды сергітіп<br>алайық;<br>-Осы балалар биді билейтін ән айтатын<br>адамдарды кім дейді?**(Биші,әнші)**<br>-Дұрыс ,биші дейді.Ендеше барлығымыз биші<br>болып көрсек қайтеді.<br>(«Кап-кап» әнін қосып, балаларды билету)<br>— Рахмет,балалар,біз өзімізді бір сәтке биші<br>және әншә болып сезініп көрдік!<br>-Ал балалар кім қанша медаль жинады екен<br>соны тексерейік. **Қорытынды:**<br>— Сонымен балалар қандай маман иесі болсын<br>ол адамның еңбегін бағалай білу керек<br>екен.Ол мейлі бастық болсын,мейлі қарапайым<br>шаруа иесі болсын ол адамның еңбегін<br>бағалай білу керек.Осыны еш ұмытпаңдар!<br>-Осымен ұйымдастырылған оқу іс-қызметіміз<br>аяқталды, жылулық шеңберімен қоштасайық! | -Балалар мұқият қарап,<br>жауап береді<br><br>***( Мұғалім)<br>(Дәрігер)<br>(Тігінші)<br>(Шаштараз)<br>(Аспазшы)<br>(Құрлысшы)<br>(Сатушы)***<br><br>***(етікші)***<br><br>***(полицей)***<br><br>**—** Дәрігер-врач, шаштараз-<br>парихмахер, дүкенші-<br>продовец, тігінші-швея,<br>жүргізуші-водитель,<br>полиция, аспазшы-повар т.б.<br><br>— Халыққа керекті заттарды<br>сатады.<br>— Көйлек, киім тігеді.<br>— Үйлер, сәнді ғимараттар<br>тұрғызады.<br>— Шаштарды сәндейді.<br>-Дәмді тамак пісіреді<br>— Оқушыны оқытады, білім<br>береді, үйретеді.<br>— Адамдарды емдейді.<br><br>Балалар таңқалып<br>амандасады.<br><br>Балалардың тазалыктарын<br>тексеріп,жолдама жазып<br>береді.<br>-Сау болыңыз<br><br>-Тапқырлығы үшін<br>-Үлгілі тәртібің үнің<br>-Бүгіңгі сабаққа жақсы<br>қатысқаны үшің |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.